

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

13 қаңтар 2021 жыл

Қазақстан қор биржасы "KASE Mobile" мобильді қосымшасын іске қосты

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE, Биржа) пайдаланушылардың кең ауқымы үшін "KASE Mobile" мобильді қосымшасын әзірледі және ұсынды. Қосымша Биржаның ақпараттық өнімдерінің тізімін толықтырады және ең алдымен бөлшек және кәсіби инвесторлар үшін биржалық ақпаратқа қол жетімділікті жеңілдетуге бағытталған, сонымен қатар оның көмегімен сауда-саттыққа қатысуға мүмкіндік береді.

Қосымша пайдаланушыларға биржада саудаланатын көптеген құралдар – акциялар, корпоративтік және мемлекеттік облигациялар, шетел валютасы бойынша нарықтық және анықтамалық ақпаратты қадағалауға мүмкіндік береді. "KASE Mobile" арқылы KASE нарығының индикаторлары бойынша деректерді, Биржа және оның эмитенттерінің жаңалықтарын қарауға болады.

"KASE Mobile" қосымшасының ерекшелігі нарықтар бойынша ақпаратқа Бір шертумен неғұрлым құрылымдалған қол жеткізу, пайдаланушының бір бетте олардың бағаларын одан әрі қадағалау үшін таңдаулы құралдар жинағын жасау мүмкіндігі болып табылады.

"KASE Mobile" қызметін тегін және авторизациясыз пайдалануға болады. Қосымша Android Және IOS платформаларында қолжетімді.

Қосымшаны әзірлеу кезінде Биржаның ақпараттық өнімдерін пайдаланушылардың тілектері, сондай-ақ қазақстандық нарыққа бейімделген халықаралық тәжірибелер ескерілді.

2020 жылы KASE 2008 жылдан бастап жоғары білім беру сапасын және қаржылық сауаттылықты қолдау шеңберінде қазақстандық жоғары оқу орындарының студенттері үшін өткізетін "Биржалық симулятор" жобасының 1 000-нан астам студенті "KASE Mobile" мобильді қосымшасының тестілік нұсқасы негізіндегі оқу сауда-саттығына қатысты. Қосымшаның арқасында студенттер биржадағы оқу сауда-саттығына және олармен байланысты биржалық ақпаратқа неғұрлым ыңғайлы және тиімді қол жеткізді. 12 жыл ішінде "Биржалық симулятор" жобасына 8 500-ден астам адам қатысты. Өткен жылдар жобасының көптеген қатысушылары бүгінде қаржы ұйымдарының белсенді бөлшек инвесторлары мен басшылары болып табылады.

KASE өз пайдаланушыларының қазақстандық қор нарығына жақындай алуы үшін функционалын кеңейту және жаңа ыңғайлы элементтерді құру үшін қосымшаны одан әрі дамыту мүмкіндіктерін қарастыруда.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржаларының арасында екінші орынды және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру деңгейі бойынша алтыншы орынды алады.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетелдік валюталар, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы, қазіргі заманғы технологияларға ие және қабылданған халықаралық стандарттарға сәйкес сауда-саттық және сауда-саттықтан кейінгі қызметтерінің толық спектрін ұсынады.

KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ "Қор биржалары тұрақты даму үшін" Бастамасының қатысушысы болып табылады.

KASE жергілікті және шетелдік қатысушылар үшін ашық инвестициялық ортаны қамтамасыз ету арқылы Қазақстанның экономикалық өсуіне белсенді ықпал етеді.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.